

Өтінім
«Бизнес және білім беру: даму векторы»
Халықаралық білім трансферасындағы инновацияның рөлі
Алматы, 8 ақпан 2013 ж.

Тегі, аты, әкесінің аты	Мадыханова Кундыз Адилхановна
Қосымша автор/лар (егер бар болса)	
Жұмыс орны	Халықаралық Бизнес Академиясы
Лауазымы, ғылыми дәрежесі	Э.ғ.к., доцент
E-mail	Madyhanova77@mail.ru
Телефон	+ 7 775 893 27 64
Баяндама немесе мақаланың тақырыбы	Төлем жүйесіне тиесілі тәуекелдер және оларды басқару әдістері
Секция	Білімге негізделген экономиканың қаржылық-кредиттік жүйелері.
Қатысу түрі (баяндамамен бірге сөз сөйлеу/ сөз сөйлемей мақаласын қатыстыру)	сөз сөйлемей мақаласын қатыстыру

Төлем жүйесіне тиесілі тәуекелдер және оларды басқару әдістері

Мемлекеттің қаржылық жүйесінің тұрақтылығы жалпы ішкі төлем жүйесінің тұрақтылығымен тікелей байланысты. Төлем жүйесінің қызмет атқаруының тиімділік дәрежесі мына көрсеткіштердің қатынасымен анықталады: төлем өткізуінің жылдамдығы және есеп айырысуды жүргізу кезінде қатысушылардың көтеретін операциялық шығыстар сомасы. Есеп айырысуды қысқа уақытта және аз ғана шығындармен өткізу мүмкіндігі жүйені пайдаланушыларға тартымды етеді (қызықтырады).

Төлем жүйелерінде бірнеше тәуекелдердің туындауы мүмкін. Олар экономикалық жүйеге және есеп айырысуға қатысатын қатысушыларға да кері әсерін тигізеді [1].

Қазақстандағы бар төлем жүйесі халықаралық төлем жүйелерімен үйлеседі (сәйкес келеді). Оның техникалық және бағдарламалық қамтамасыз етуі үнемі жаңаруда, жаңа жетілдірілген технологиялар ізделуде және енгізілуде.

ТАСИС және ТМД-ның Мемлекетаралық банкінің трансшекаралық төлемдер жүйесін құру туралы, сонымен қатар Қазақстандық ұлттық төлем жүйесі туралы жобалары қарастырылды. Интеграциялық комитеттің аппараты Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің мамандарының қатысуымен қазақстандық Банкаралық ақша аударымдар жүйесі (БААЖ) базасы негізінде Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің ортақ төлем-есеп айырысу жүйесін құру туралы жобасын жасады.

Кеден одағы елдерінің шаруашылық жүргізуші субъектілердің арасында өзара талаптарды есепке алу жүйесін ұйымдастыру үшін Мемлекетаралық клирингтік орталықтың атқаратын қызметтерін кеңейту керек. Ұлттық статистикалық агенттіктер мен Кеден одағы елдерінің салықтық органдарының қатысуымен Кеден одағы елдерінің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің ішкі дебиторлық және кредиторлық берешектері (қарыздары) бойынша мәліметтер базасын құру қажет.

Төленбеген төлем талап тапсырмасы бойынша карточкалардың жүргізуін (енгізуін) қалпына келтіру ұсынылады. Жеткізуші тұтынушыдан қаражаттың алуын күтетіндіктен, оның тарапынан төлем құжаттарын шығаруда кешігу аз болады. Қойылған талаптардың бар болуы, Клирингтік палатаның белсенді жұмысымен өзара ортақ қарыздарды жабу тиімдірек болады.

Жергілікті қарыздық аландардың жұмысын ұйымдастыру негізінде қарыздарды сату механизмін жасау жоспарлануда.

Қазақстан Республикасында Оңтүстік-Қазақстандық қор орталығы «қарыздық аланды» іске қосты. Қазіргі кезде сауда жасау үшін және келісімдер жүргізу үшін саудалық жүйеде қойылған қарыздардың көлемі және түрлері көбейтіліп жатыр. Болашақта Ресей Федерациясы облыстарымен бірігіп ортақ жұмысты атқару жоспарланып отыр.

2011 жылы төлемдерді жүргізу бойынша қабылданған міндеттемелердің орындалуы үшін төлем жүйелерінің пайдаланушыларының өтімділігінің жеткіліктілігіне көп көңіл бөлінді. Елдің қаржылық жүйесінің тұрақтылығына елеулі ықпал ететін өтімділік тәуекелі мен жүйелік тәуекелді басқару мақсатында, Ұлттық банкпен және төлем жүйелерінің пайдаланушыларымен тұрақты түрде жүйедегі пайдаланушылардың позицияларына мониторинг және бақылау жүргізіледі.

БААЖ-да берілген тәуекелдерді басқару үшін кезектілікті басқару механизмі (төлем құжаттарының орындалуының басымдылығын бекіту және төлем құжаттарының кезектілігінің өзгеруі) қолданылады. Мұнда пайдаланушының корреспонденттік шотынан қаражаттардың қосымша аударымы оның жүйедегі позициясына жүзеге асырылады.

Сонымен қатар Қазақстанның Ұлттық банкі өтімділік тәуекелі мен жүйелік тәуекелді басқару мақсатында күнделікті негізде ақшаның айналымдылық коэффициентіне (ААК) және БААЖ-дың өтімділік коэффициентіне (ӨК) есептеу жүргізеді, сонымен қатар олардың бекітілген мәнге сәйкестігіне талдау жасайды.

Жүйеде ААК және ӨК коэффициенттеріне мынадай шекаралар орнатылған: $ӨК > 1,5$ және $ААК < 0,5$ болса жоғарғы шекара, $ӨК < 0,5$ және $ААК > 1,5$ болса – төменгі шекара, мұнда өтімділік тәуекелі мен жүйелік тәуекел минималды деп есептеледі (кесте 1).

Кесте 1 – БААЖ-дың пайдаланушыларының 2006 жылдан 2011 жылға дейінгі өтімділік көрсеткіштері

Көрсеткіш аты	2006	2007	2008	2009	2010	2011
1 күндегі орташа айналым, млрд. тенге	372,6	564,6	560,5	630,5	740,8	796,3
Мерзімде кіретін орташа қалдық, млрд. тенге	350,5	580,3	531,9	578,3	732,4	825,9
Мерзімдегі орташа ӨК	1,04	1,16	1,04	1,05	1,39	1,17
Мерзімдегі орташа ААК	1,07	1,04	1,06	1,09	1,02	0,97

Дерек көзі: ҚР Ұлттық Банкі мәліметтері бойынша

Жалпы, 2011 жылы БААЖ пайдаланушыларының өтімділігінің артқанын байқауға болады БААЖ пайдаланушыларының орташа күндік өтімділігінің мәні (пайдаланушылардың төлемдердегі жүргізу есебіндегі БААЖ-ға кіретін қалдық) 2011 жылы 825,9 млрд теңгені құрады, бұл 2010 жылмен салыстырғанда 15,3%-ға (134 млрд. теңгеге) өскендігін көрсетеді.

Сонымен қатар өтімділік және жүйелік тәуекелді басқару мақсатында БААЖ-дың операциялық күн ішінде кезекте тұрған төлем құжаттарына, пайдаланушылармен қайтарылған және өтімділіктің жетіспеу салдарынан орындалмаған төлем құжаттарына талдау жасалынады.

Сонымен бірге банктердің төлем құжаттарының кезектілігіне мониторинг жүргізуі орындалмаған төлемдердің көлемінің азаюына септігін тигізді. Төлем құжаттарының кезектілігі және орындалмаған төлемдер 2 кестеде көрсетілген.

Кесте 2 – БААЖ-дағы төлем құжаттарының кезектілігі мен орындалмаған төлемдер

Көрсеткіштер	2006	2007	2008	2009	2010	9 ай 2011
<i>Кезекке тіркелген төлем құжаттары</i>						
Құжаттар сомасы, млрд. тенге	535,0	1 574,3	1 163,0	557,9	605,4	296,2
Құжаттар саны, бірлікте	13 139	37 742	17 266	16 557	12 857	6 329
<i>Олардың ішінде орындалмаған (қайтарылған) төлем құжаттары</i>						
Құжаттар сомасы, млрд. тенге	48,1	225,0	151,8	7,9	7,1	23,4
Құжаттар саны, бірлікте	39	26	13	30	8	18

Дерек көзі: ҚР Ұлттық Банкі мәліметтері бойынша

Осылай, 2011 жылы өтімділіктің жетіспеуі салдарынан 23,4 млрд. тенге сомасына 18 төлемдер орындалмады, сонымен қатар кезекке тіркелген 296,2 млрд. тенге сомасына 6 329 бірлік төлем құжаттары орындалмаған. Ал бұл көрсеткіш 2010 жылы 555,5 млрд. тенге сомасындағы 10196 бірлік болған. Барлық орындалмаған немесе қайтарылған төлем құжаттары БААЖ пайдаланушыларымен сол күні немесе келесі операциялық күнде қайтадан жүргізілген [2].

Операторы ҚБЕО болып табылатын банкаралық төлемдер жүйесінің тиімді дамуының көрсеткішінің бірі – жұмыстың үздіксіздік (жұмысқа қабілеттілік) коэффициентінің (ЖҮК) жоғары деңгейін ұстап тұру болып табылады. Ол өз кезегінде Қазақстан Республикасы аумағында төлемдердің өз уақытында жүргізілуін қамтамасыз етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Порядина И.В. Платежная система. Учебно-методическое пособие. – Астана.- 2008.
2. Қазақстанның төлем жүйелерін қадағалау (оверсайт) / ҚР Ұлттық банкінің Төлем жүйелері Департаменті.- Алматы.- 2011.